



**БҰЙРЫҚ**

*2022 жылғы 29 маусым*

Қарағанды қаласы

**ПРИКАЗ**

№ *220*

город Караганда

**«Ырыс-2004» ЖШС  
уақытша басқарушысын  
тағайындау туралы**

«Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы Заңының 15-бабының 1-2) тармақшасына сәйкес, «Ырыс-2004» ЖШС банкроттық рәсімді қолдану бойынша істі қозғау туралы Қарағанды облысы мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының 2022 жылғы 27 маусымдағы ұйғарымы және «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ-ның 2022 жылғы 23 маусымдағы хаты негізінде, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Ырыс-2004» ЖШС, БСН 040240006131 уақытша басқарушысы болып Виктор Степанович Новомлинцев тағайындалсын.

2. Виктор Степанович Новомлинцевке «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына сәйкес уақытша басқарушының міндеттерін орындау жүктелсін.

3. Уақытша басқарушы Виктор Степанович Новомлинцев «Оңалту және банкроттық туралы» Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарын орындауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитеті Қарағанды облысы бойынша Мемлекеттік кірістер департаменті басшысының орынбасары Айдар Джуманович Нурпеисовке жүктелсін.

5. Осы бұйрық қол қойылған күннен бастап күшіне енеді.

Басшы

А. Мадиев